КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 30 қазан №7119-24-00-2/13739 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Хасанова,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ХАН» атаулы Айтымбет Абылайхан Махсұтұлы дара кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі» мемлекеттік мекемесі жауапкер «ХАН» атаулы Айтымбет Абылайхан Махсұтұлы дара кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы- қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ХАН» атаулы Айтымбет Абылайхан Махсұтұлы дара кәсіпкер (БСН 980728300497) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ХАН» атаулы Айтымбет Абылайхан Махсұтұлы дара кәсіпкерден (БСН 980728300497) мемлекет пайдасына 20 786 (жиырма мың жеті жүз сексен алты) тенге тұрақсыздық айыбы және 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Хасанова Э. Е., 30.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.12.2024, судья Хасанова Э. Е., 11.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Хасанова Э.Е.

Құжатқа қол қойылған: Хасанова Э. Е., 30.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.12.2024, судья Хасанова Э. Е., 11.12.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство